

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Энергетика және машина жасау институты
Энергетика кафедрасы

Бейсенбаев Диас Даулетұлы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

«Лепсі-2 ГЭС-ның» электр жабдықтарын жобалау және есептеу

6B07101 – «Энергетика»

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНТУ им.К.И.Сатпаева»
Институт энергетики
и машиностроения

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

PhD, қауымдастырылған профессор

Е.А. Сарсенбаев

«20» 06 2024ж.

Дипломдық жұмысқа
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Лепсі-2 ГЭС-ның» электр жабдықтарын жобалау және есептеу

6B07101-«Энергетика» мамандығы бойынша

Орындаған





Бейсенбаев Д.Д.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

Аға-жетекші

 Жантурин М. Ж
(колы)

 Баянбаев Қ.А
(колы)

«13» 06 2024ж.

«14» 06 2024 ж.

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Энергетика кафедрасы

6B07101-«Энергетика» мамандығы

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра меңгерушісі

PhD, қауымдастырылған профессор

Е.А.Сарсенбаев

«25» 07 2024 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Студент Бейсенбаев Диас Даулетұлы

Тақырыбы: «Лепсі-2 ГЭС-ның» электр жабдықтарын жобалау және есептеу

Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен. № 408-п «05» қараша 2024 ж.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «14» мамыр 2024 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері Кернеуі 220/110/10 кВ, 4 қосалқы станциясыдан тұрады, Қосалқы станциялардың максималды жүктемелері $S_1=50+j20$, $S_2=30+j10$, $S_3=40+j20$ (кВт), сәйкесінше олардың ұзындықтары $l_1=30$, $l_2=30$, $l_3=60$ $l_4=150$ (км). Максималдық жүктеменің жылдық сағаты $T_{max}=6000$ сағ. Қуат коэффициенті $\cos \varphi=0,89$. Минималды жүктеме кезіндегі жүктеме 40(%) пайыз.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі а) Электр тораптарды жобалау; Электрлік қосалқы станцияларының тиімді схемасын таңдау; Кернеу және қуат шығындарын есептеу; б) Арнайы бөлім; в) Электр станциялардағы желілер кернеуін генератормен реттеу, кернеуді реттеу жабдықтарын таңдау.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс) Сызбалық материалдар слайдтар мен А4 көрсетілген




Ұсынылатын негізгі әдебиет 1) Блок В.М. Электрические системы и сети. М.: Высшая школа 1986

2) Справочник по проектированию электроэнергетических систем. Под ред. Н.Ш. Шапиро, С.С. Рокотяна, - М.: Энергоатомиздат, 1985




3) Рыжов Ю.П. дальние электропередачи сверхвысокого напряжения, -М.: Издательский дом МЭИ, 2007

4) Идельчик В.Н. Электрические системы и сети. М: Энергоатомиздат, 1989

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кернеуі 110кВ желіні жобалау	08.04.24-30.04.24ж	
Технологиялық бөлім	05.05.24-10.05.24ж.	
Электр беріліс желісінің сұлбасын құру	15.05.24-20.05.24ж	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілердің аты-жөні, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Қ.А.Баянбаев , аға оқытушы	14.06.24	
Арнайы бөлім	Қ.А.Баянбаев , аға оқытушы	14.06.24	
Норма бақылау	Бердібеков Ә.О., магистр, аға оқытушы	20.06.24	

Ғылыми жетекшісі
(колы)



Қ.А.Баянбаев

Тапсырманы орындауға алған студент


(копы)

Д.Д.Бейсенбаев

Күні

«25» 01 2024ж

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс «Лепсі–2 ГЭС-ның электр жабдықтарын жобалау және есептеу» тақырыбында орындалған. Дипломдық жұмыста 220/110/10 кВ электр тораптарына есептеу жүргізілген, аймақ бойынша қуат ағынының таралуы есептелген, активті және реактивті қуат шығындарына есептеу жүргізілген, жүктеме түйіндерінде кернеу шығындарына есептеу жүргізілген. Қосалқы станцияларда күштік трансформаторлар қуаты және саны таңдалып, олардың параметрлері мен шығындары есептелген. Тораптың параметрлері есептеліп, алмастыру схемалары құрылған және өткізгіштер қимасы таңдалған. Қысқа тұйықталу токтары есептеліп, 110 және 10 кВ торапқа коммутациялық аппараттар және күштік электр жабдықтар таңдалған.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа выполнена на тему «Проектирование электрической сети ГЭС Лепсы 2». В дипломной работе выполнены расчеты электрической сети напряжением 220/110/10кВ, выполнены расчеты распределения мощности по участкам, расчеты потерь активной и реактивной мощности, расчеты потерь напряжения по узловым точкам. Выбраны число и мощность силовых трансформаторов на подстанциях, составлены схемы замещения и рассчитаны их параметры. Составлены схемы замещения линий электропередачи и выбраны сечения проводов. По расчетам токов короткого замыкания выбрана электрическая аппаратура на 110 кВ и 10кВ.

ANNOTATION

The thesis was carried out on the topic “Design of the electrical network of the Lepsy 2 hydroelectric station.” In the thesis, calculations were made for an electrical network with a voltage of 220/110/10 kV, calculations were made for power distribution across sections, calculations for active and reactive power losses, and calculations for voltage losses at node points. The number and power of power transformers at substations were selected, equivalent circuits were drawn up and their parameters were calculated. Replacement diagrams for power lines have been drawn up and wire sections have been selected. Based on calculations of short circuit currents, electrical equipment of 110 kV and 10 kV was selected.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
1	Технологиалық бөлім	12
1.1	Жалпы ГЭС Лепсі-2 жайлы ақпарат	12
1.2	СЭС құрал-жабдықтары	13
2	Негізгі бөлім	14
2.1	Тұйықталған жүйедегі электр беріліс желісінің сұлбасын құру нұсқалары	14
2.2	Дипломдық жобаның берілгендері	15
2.3	Тұйықталған жүйедегі электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау	16
2.4	Қосалқы станциялардағы трансформаторларды таңдау	17
2.5	Трансформатордың орамасындағы шығындарын анықтау	20
2.6	Тұйықталған жүйенің торап учаскілеріндегі қуат таралуын есептеу	24
2.7	Тұйық жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу	24
2.8	Желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері	29
2.9	Тұйықталған жүйе үшін желілер мен трансформаторлардың қуат шығындары	31
2.10	Тұйықталған жүйенің минималды жүктеме кезіндегі қуатты есептеу	35
2.11	Қосалқы станцияның минималды режимін есептеу	35
2.12	Желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері	38
2.13	Желілер мен қосалқы станциялардағы қуат шығындары	39
2.14	Тұйықталмаған жүйедегі электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау	43
2.15	Тұйықталмаған жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу	44
2.16	Трансформатордың орамасындағы шығындарын анықтау	47
2.17	Желілер мен қосалқы станциялардағы қуат шығындары	48
2.18	Қысқаша тұйықталу тогын есептеу	52
2.19	Электр аппараттарын таңдау	55
3	Арнайы бөлім	58
3.1	Электр желілерінде кернеуді реттеу әдістері	58
3.1.1	Электр станциялардағы желілер кернеуін генератормен реттеу	58
3.1.2	Трансформаторлардың трансформация коэффициентін өзгерту, желінің параметрлерін өзгерту, реактивтік қуаттың шамасын	59

өзгерту арқылы кернеуді реттеу	60
3.1.3 Желідегі кернеуді желі параметрлерін өзгерту арқылы реттеу	60
3.1.4 Желідегі реактивті қуат өлшемін өзгерте отырып кернеуді реттеу	61
3.2 Қосалқы станция шиналарындағы кернеуді реттеудің түрі	62
трансформатордағы тармақтарды ауыстырып қосу	65
3.3 Кернеуді реттеу құрылғыларын бақылау	67
3.4 OILTAP®MSE 340 типті жаңа РПН құрылғысы	69
3.5 Түйіндердегі кернеуді есептеу	70
3.5.1 Кернеуді реттеу жабдықтарын таңдау	72
3.6 Электроэнергия шығындары	76
3.7 Жермен қосудың есебі	77
ҚОРЫТЫНДЫ	83
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	84

КІРІСПЕ

Электр энергиясының негізгі тұтынушылары өндіріс, көлік қатынасы, ауыл шаруашылығы, ауыл мен қаланың коммуналды шаруашылығы екені белгілі. Осылайша, өндіріс электр энергиясының жетпіс пайызын тұтынады.

Электр энергиясы халық шаруашылығының барлық дерлік саласында, әсіресе механизмдердің электр жетектері үшін, сонымен қатар әртүрлі электротехнологиялық қондырғылар үшін, ең бірінші электротермиялық және электр дәнекерлеу қондырғылары, электролиз және материалдар мен металдарды электрмен дыбыстап өңдеуде және т. б. қолданылады.

Өндірістік объектерге, қондырғылар, құрылғылар және механизмдерге энергожүйеден электр энергиясының қажетті мөлшері мен сәйкес сапасын жеткізуді қамтамасыз ету үшін кернеуі 1000 В және одан жоғары тораптан және трансформаторлы, түрлендіргішті және тарату қосалқы стансаларынан тұратын өндіріс кәсіпорындарын электрмен қамтамасыз ету жүйелері қызмет етеді.

Заманауи өндіріс кәсіпорындарын электрмен қамтамасыз етуді жобалау кезінде техника экономикалық сұрақтардың шешімі электр жүктемесінің дұрыс анықталуы болып табылады. Электр жүктемесінің анықталуы кез келген электрмен қамтамасыз ету жүйесін жобалаудың бірінші сатысы болып табылады. Электрлік жүктеме дегеніміз жобаланып отырған электрмен қамтамасыз ету жүйесінің техника экономикалық көрсеткіштері мен барлық элементтерінің таңдалуы. Күтілген жүктеменің дұрыс бағалануынан электрмен қамтамасыз ету жүйесінің шығындары, түсті метал шығыны, электр энергия шығыны және пайдалануға кеткен шығындар тәуелді. Электр жүктемелерін анықтау кезіндегі қателіктер өндіріс кәсіпорынының техника экономикалық көрсеткішінің нашарлауына алып келеді.

Сондай – ақ энергожүйеден қоректенетін реактивті қуаттың экономикалық және техникалық көлемін есептеу, сонымен қатар компенсация құрылғыларын, олардың қуаттарын және орналасу орнын дұрыс таңдау қажет. Осыдан энергетикалық ресурстар мен жабдықтарды пайдалану тиімділігі тәуелді болады.

Сыртқы электрмен жабдықтаудың тиімді сұлбасын, электр торабы параметрі және оның элементтерін анықтау үшін техника экономикалық есептеулерді жүргізу қажет. Осыған сәйкес жан – жақты техника және электрлік талдау жүргізу керек. Тек қана мүмкін болатын нұсқаны сипаттайтын барлық техника экономикалық таңдаулар дұрыс шешім таңдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар еңбекті қорғау және қабылданған шешімнің экономикалық тиімділігін бағалауға үлкен назар аудару керек.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Жалпы ГЭС Лепсі-2 жайлы ақпарат

«ГЭС Лепсі-2» ЖШС 2013 жылы құрылған, кәсіпорынның негізгі қызметі электр энергиясын өндіру және тасымалдау болып табылады, ол ASPMK-519 компаниялар тобына кіреді.

Жобаның орналасқан жері

СЭС-2 құрылысы Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы Сарқанд ауданының аумағында орналасқан, Алматы қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 500 км (түзу сызықта), әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 200 км жерде орналасқан.



1-сурет. ГЭС Лепсі-2.

Жобалау орны: Сарқанд қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км, жұмыс істеп тұрған Антоновская ГЭС-інің бас түйінінен 1,8 км жоғары.

Жобаның ауқымы

Жобаның жергілікті ауқымы бар. Лепсі өзеніндегі белгіленген қуаты 16,99 МВт және орташа ұзақ мерзімді электр энергиясын өндіру 67,78 ГВт сағ болатын ГЭС-2 Қазақстан Республикасы Жетісу облысы Талдықорған өңірінің электр жүктемесі кестелерінің базалық бөлігінде жұмыс істеуге арналған.

Жобаның орналасуы

Лепсі өзеніндегі ГЭС-2 бөгет типіне жатады. Бөгет алаңы қолданыстағы Антоновская ГЭС-інің бас торабынан 1,8 км қашықтықта орналасқан.

ГЭС-2 негізгі құрылымдарына мыналар жатады:

жартас жер бөгеті;

мыналардан тұратын су төгетін құрылыстар: құрылыс-пайдалану су төгетін және жер үсті су төгетін;

мыналардан тұратын су электр станциясының сумен жабдықтау трактісі: су алатын құрылыстан, қысымды бассейні бар су құбырынан, су электр станциясының су алғышынан және турбиналық су құбырларынан;

шлам үйіндісі;

су электр станциясының ғимараты;

мыналардан тұратын су электр стансасының шығыс тракті: түйісу секциясы және шығыс арнасы;

электр тарату құрылымдары – ашық кернеуді тарату құрылғылары

35 кВ және кернеуі 35 кВ қос тізбекті әуе желісі.
қосалқы құрылыстар: пайдалану жолдары 1,8 км;
Негізгі бенефициарлар
Жобаның негізгі бенефициарлары Қазақстан Республикасы және «ГЭС
Лепсі-2» ЖШС болып табылады.

Күтілетін нәтижелер

Лепсі өзенінде ГЭС-2 іске қосылатын жобаны жүзеге асыру Алматы облысының Талдықорған ауданында (67,78 ГВт/сағ) электр энергиясының тапшылығын азайтып, парниктік газдар шығарындыларын азайтады.

1.2 СЭС құрал-жабдықтары

Суэлектростанцияның негізгі құрал-жабдықтарына мыналар кіреді: ПЛ-661-ВБ-500 жұмыс дөңгелектері бар 4 турбина, әрқайсысының қуаты 26000 кВт, айналым саны – минутына 115,4 айналым, есептік қысымы 15,8м, есептік шығыны 195 м³/с. №1 ось пен №1 агрегат және № 2, 3, 4 агрегаттар арасындағы ара-қашықтық 15м, ал, №2 мен №3 - 17,8 м.

СВЧ 790/106 – 52 типті 4 генератор, әрқайсысының қуаты 25000 кВт, кернеуі 10,5 кВ, ТД-80000/110 типті 2 күш трансформаторы, станцияның өз қажеттілігі үшін, жабық үлестіру құрылғысы бар ТС-560 кВА типті 2 күш трансформаторы.

СЭС-ның машина залының сол және оң жақ тұстарында насос станциялары орналасқан. Олар сору құбырларынан суды соруға арналған, және 20А х 18- 1 насостарымен, ЭЦНВ - 12-255-30 дренажды насостарымен жабдықталған.

СК-10 типті аккумулятор залы, жалпы саны 104 банка. Ол автоматика, коммутациялық аппаратура және станцияның апатты жарық беру жүйесінің аспаптарын апатты қоректендіруге арналған.

Гидроагрегаттар үшін ВКУ-60/40 жоғары қысым компрессорлары (2 дана) мен КСЭМ төменгі қысым компрессорлары (2 дана) бар.

Станцияның машина залы жабық типті және жүк көтерілімдігі 120/120 тонна, аралық қозғалу ені 15 м болатын төсемелі кранмен жабдықталған.

Құрылыс ахуалын бақылау үшін бақылау-өлшеу аппаратуралары орнатылған: бетонды биік маркалар, сыртқы шелемерлер, тірек белгілері, тереңдік реперлері мен деңгей көрсеткіштері.

СЭС ғимаратының оң жақ жағалаумен жанасуы жотаны бойлай ұзындығы 96,5 м болатын тапталған үйінді арқылы жүзеге асырылған. Жота белгісі 256 м. Жота арқылы V категориялы көлік жолы өтеді. Жанаса жатқан тіреу қабырғасының фундаментін бойлай 3 қабатты кері фильтрі бар құбырлы дренажөтеді.

110 кВ – Лепсі өзенінің оң жағалауында, СЭС-ның төменгі бьеф тұсында, 272 м белгісінде орналасқан. Ол СЭС-дан келетін екі қосуы және одан кететін бес 110 кВ электр тасымалдау желісі бар бір секциялы шиналар жүйесі ретінде жасалынған. Дәл осы жерде желілерді релемен қорғау щиттарының жайы

орналасқан. Бес ЭТЖ ішінен кәсіпорын балансында Лепсі-2 СЭС-нан Антоновка кіші станциясына дейін созылатын 110кВ-АҰҚ-нан келетін екі тізбекті 110 кВ ЭТЖ Л-6-Д1 және Л-6-Д2 бар, оның трасса бойындағы ұзындығы 47,9 шақырым. ТМТГ-5600 -110/35/6 кВ екі трансформаторы бар 110/35/6 кВ кіші станциясы.


2 Негізгі бөлім

2.1 Тұйықталған жүйедегі электр беріліс желісінің сұлбасын құру нұсқалары

Әртүрлі объектілерінің жұмыс істеу жағдайларының алуан түрлілігі олардың электрмен жабдықтау схемасының алуан түрлі болуына себепші болады. Тұтынушылардың қоректену схемалары энергия көзінің қашықтығына, берілген ауданның электрэнергетика жабдықтаудың жалпы схемасына, тұтынушылардың территориялық орналасуымен олардың қуатына, сенімділіген қойылатын талаптарға және т.б. тәуелді.

Желі схемасы мен конфигурациясының (пішім үйлесімділігі) таңдап алу өте күрделі , өйткені желі сенімділік, үнемділік, пайдалануға қойылатын, қауіпсіздіктерімен даму мүмкіндігін шарттарын қанағаттандыру тиіс.


1-нұсқа



$$L=150+30+60+30=270\text{км}$$

1-сурет. Тұйықталған жүйедегі электр беріліс желісінің схемасы.

2-нұсқа



$$L=30+30+150=210\text{км}$$

2-сурет. Түйықталмаған жүйедегі электр беріліс желісінің схемасы.

Бұл дипломдық жобада мен екі сұлба қарастырамын. Біріншісі түйықталған жүйе (1-сурет), екіншісі түйықталмаған жүйе (2-сурет) болып келеді. Бізге, экономикалық жағынан тиімді және тұтынышыларға электр қуатын үзіліссіз таратуды қамтамасыз ету, электр энергияны аймақтарға сенімді және тиімді тарату басты мақсат болып келеді. Осыған байланысты бізге ең тиімді сұлба таңдау басты шарттардың біріне кіреді. Сонымен, екі сұлбаны қарастырамыз. Айтып кеткенде, түйықталмаған желілерде барлық түйіндер бір ғана тармақтан қоректенеді. Қарапайым түйықталған желілер айналмалы желілер болып келеді. Олар бір ғана контур құрайды. Оның артықшылығы желінің бір учаскесі үзілгенде желі басқа учаскіден қоректене береді, яғни жоғары дәрежеде тұтынышыларға электр таратудың сенімділігі. Сонымен қатар қуаттың аз шығындары. Қоректену көзі электрстанция немесе жүйеге қосылған қосалқы станцияның шиналары ретінде болып келеді.

2.2 Дипломдық жобаның берілгендері

Номиналды кернеуі 110 кВ болатындай түйықталған электр беріліс желілерінен, төрт қосалқы станциясыдан №1 қ.с - S1, №2 қ.с - S2, №3 қ.с - S3, №4 қ.с - S4, тұрады, сәйкесінше олардың ұзындықтары $l_{A5} = 150$, $l_{56} = 30$, $l_{67} = 60$, $l_{57} = 30$ (км). Қосалқы станциялардың максималды жүктемелері $S_4 = 50 + j20$,

$S_8 = 30 + j10$, $S_9 = 40 + j20$, (МВА). Максималдық жүктеменің жылдық сағаты $T_{max} = 6000$ сағ. Қуат коэффициенті $\cos \varphi = 0,89$. Минималды жүктеме кезіндегі жүктеме 40(%) пайыз. Мұзқату ауданы II болады. Жобаны тұйықталған және тұйықталмаған жүйеде жасау қажет.

2.3 Тұйықталған жүйедегі электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау

Желі линиясының номинал кернеуін таңдау күрделі технико-экономикалық есеп болып табылады. Ол көптеген факторларға байланысты. Мысалы, кернеуінің мәні төмен линияның жабдықтарының және құрылыстарының құны аз болады. Кернеудің ұлғаюына байланысты қуат және энергия шығындары азаяды, электрлік желіні дамыту жағдайлары жақсарады. Сол үшін Г.А. Илларионов формуласын қолданамыз.

Желі линиясының номинал кернеуін таңдау күрделі технико-экономикалық есеп болып табылады. Ол көптеген факторларға байланысты. Мысалы, кернеудің мәні төмен линияның жабдықтарының және құрылыстарының құны аз болады. Кернеудің ұлғаюына байланысты қуат және энергия шығындары азаяды, электрлік желіні дамыту жағдайлары жақсарады. Электр торабын даму жобалауы кезінде бір уақытта электр торабының конфигурациясы сұрағымен оның номиналды кернеуін таңдауы туралы сұрақ шешіледі. Электр тораптарының номиналды кернеу ұзындықтарының шкаласы МЕСТ 721-77 анықталған және келесідей кернеу қатарын құрастырады: 0,38; 3; 6; 10; 20; 35; 110; 150; 220; 330; 500; 750; 1150 кВ

Бөлек сызықты электр беріліс желісінің номиналды кернеуі ең алдымен екі параметрлі функциямен: желімен таратылатын P қуат, және де сол қуат таратылатын L қашықтыққа. Соған байланысты желінің номиналды кернеуін табудың, әр түрлі авторлармен ұсынылған бірнеше эмпирикалық формулалары болады. Мен өзімнің дипломдық жұмысымда Илларионов формуласына жүгіндім. Себебі, осы формула кернеуі 35-тен 750 кВ-қа дейін номиналды кернеудің барлық шкаласына қанағаттандырылған нәтиже береді.

Г.А. Илларионов формуласы бойынша номиналды кернеуі осы формула бойынша анықталады:

$$U = \frac{S}{\sqrt{\frac{500}{l} + \frac{2500}{P}}}, \quad (1)$$

мұндағы U -желідегі кернеу, кВ;
 S -толық қуат, МВА;
 l -желінің ұзындығы, км;
 P -активті қуат, кВт.

$$U_1 = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{30} + \frac{2500}{50}}} = 109,4 \text{ кВ}$$

$$U_2 = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{60} + \frac{2500}{30}}} = 104,4 \text{ кВ}$$

$$U_3 = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{30} + \frac{2500}{40}}} = 108,9 \text{ кВ}$$

Одан әрі желінің номиналды кернеуін 110 кВ аламыз, кернеуді анықтаған соң, желінің активті және реактивті қуаттарын табамыз, біздің жағдайда активті қуат бізге белгілі

$$P + jQ, \quad (2)$$

мұндағы P - активті жүктеме, кВт;
 Q – реактивті жүктеме, квар.

$$S_1 = \sqrt{50^2 + 20^2} = \sqrt{2900} = 53,8 \text{ МВА},$$

$$S_2 = \sqrt{30^2 + 10^2} = \sqrt{1000} = 31,6 \text{ МВА},$$

$$S_3 = \sqrt{40^2 + 20^2} = \sqrt{2000} = 44,7 \text{ МВА}.$$

2.4 Қосалқы станциялардағы трансформаторларды таңдау

Күштік трансформаторлардың типін және қуатын анықтау
 Қосалқы станция үшін:

$$S_{\text{мпн}} \geq \frac{S_{\text{нН}}}{1,4} \quad (3)$$

мұндағы, $S_{\text{нН}}$ – толық жүктеме, МВА

Трансформаторлардың қуаты мен санын, төмендету қосалқы станцияларында келесі принцип бойынша таңдайды: егер, екі трансформаторлы

қосалқы станция қолданса, онда трансформатордың қуаты келесі шартпен таңдалады:

$$S_{нН} = \sqrt{P_n^2 + Q_n^2}, \quad (4)$$

мұндағы P – активті жүктеме, кВт;

Q – реактивті жүктеме, квар.

мұндағы S_{mp} – трансформатордың қуаты, МВА.

Қосалқы станциялардағы жүктеме мен номиналды кернеу бойынша таңдалады

№1 қосалқы станция үшін

$$S_{1H} = \sqrt{P_2^2 + Q_2^2} = \sqrt{30^2 + 10^2} = 31,6 \text{ кВА},$$

$$S_{mp1} \geq \frac{S_{1H}}{1,4} = \frac{31,6}{1,4} = 22,13 \text{ кВА},$$

2.1-кестеде №1 қосалқы станция үшін таңдалған [2] ТРДН-40000/110 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген

2.1-кесте-ТРДН-40000/110 типті трансформатордың параметрлері

$S_{ном}, \text{ МВА}$	Орамдағы кернеу, кВ		Активті шығындар, кВт		$I_x\%$	$U_k, \%$
	ВН	НН	P_x	P_k		
40	115	10,5	42	175	0,65	10,5

№2 қосалқы станция үшін

$$S_{2H} = \sqrt{P_2^2 + Q_2^2} = \sqrt{40^2 + 20^2} = 44,7 \text{ кВА},$$

$$S_{mp2} \geq \frac{S_{2H}}{1,4} = \frac{44,7}{1,4} = 31,7 \text{ кВА},$$

2.2-кестеде №2 қосалқы станция үшін таңдалған [2] ТРДН-40000/110 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген

2.2-кесте-ТРДН-40000/110 типті трансформатордың параметрлері

$S_{\text{НОМ}}$, МВА	Орамдағы кернеу, кВ		Активті шығындар, кВт		$I_x\%$	$U_k, \%$
	ВН	НН	P_x	P_k		
40	115	10,5	42	175	0,65	10,5

№3 қосалқы станция үшін

$$S_{3H} = S_{3Ha} + S_{2H} + S_{1H} = \sqrt{50^2 + 20^2} + \sqrt{30^2 + 10^2} + \sqrt{40^2 + 20^2} = 130 \text{ МВА}$$

$$S_{mp3} \geq \frac{S_{3H}}{1,4} = \frac{130}{1,4} = 91 \text{ МВА},$$

2.3-кестеде №3 қосалқы станция үшін таңдалған [2] АТДЦТН-100000/220 типті автотрансформатордың параметрлері көрсетілген

2.3-кесте- АТДЦТН-100000/220 типті автотрансформатордың параметрлері

$S_{\text{НОМ}}$, МВА	Орамдағы кернеу, кВ			Активті шығындар, кВт		$I_x\%$	$U_k, \%$		
	ВН	НН	СН	P_x	P_k		ВН	СН	НН
100	230	38,5	121	65	260	0,5	11	36,3	23

№4 қосалқы станция үшін

$$S_{4H} = S_{3Ha} + S_{2H} + S_{1H} = \sqrt{50^2 + 20^2} + \sqrt{30^2 + 10^2} + \sqrt{40^2 + 20^2} = 130 \text{ МВА}$$

$$S_{mp4} \geq \frac{S_{3H}}{1,4} = \frac{130}{1,4} = 91 \text{ МВА},$$

2.4-кестеде №4 қосалқы станция үшін таңдалған [2] ТРДЦН-100000/220 типті трансформатордың параметрлері көрсетілген

2.4-кесте-ТРДЦН-100000/220 типті трансформатордың параметрлері

$S_{НОМ}$, МВА	Орамдағы кернеу, кВ		Активті шығындар, кВт		$I_x\%$	$U_k, \%$
	ВН	НН	P_x	P_k		
100	230	11	102	340	0,5	11

2.5 Трансформатордың орамасындағы шығындарын анықтау

Трансформаторлардың активті және реактивті қуатын шығындарын келесі формула арқылы табамыз:

Трансформатордың активті кедергісі, Ом/км

$$r_{mp} = \frac{P_{k\%} \cdot U^2}{S_n^2} \text{ Ом / км} \quad (5)$$

Трансформатордың реактивті кедергісі

$$x_{mp} = \frac{U_{k\%} \cdot U^2}{100 \cdot S_n} \text{ Ом / км} \quad (6)$$

$$\Delta Q_{xx} = \frac{I_{x\%} \cdot S_{mp}}{100} \cdot \text{квар} \quad (7)$$

мұндағы ΔP_{xx} – трансформатордың бос жүріс кезіндегі активті шығын, кВт;

ΔQ_{xx} – трансформатордың бос жүріс кезіндегі реактивті шығыны, квар;

I_x – трансформатордағы бос жүріс тоғы, %.

$$\Delta P_{\text{тpн}} = \frac{P_2^2 + Q_2^2}{U_{\text{нoм}}^2} \cdot r_{\text{тpн}}, \quad (8)$$


$$\Delta Q_{\text{тpн}} = \frac{P_n^2 + Q_n^2}{U_{\text{нoм}}^2} \cdot x_{\text{тpн}}, \quad (9)$$

мұндағы $U_{\text{нoм}}$ – желінің номиналды кернеуі, кВ;
 $r_{\text{тp}}$ – трансформатордың активті меншікті кедергісі, Ом;
 $x_{\text{тp}}$ – трансформатордың реактивті меншікті кедергісі, Ом.

№1 қосалқы станция үшін.

Трансформатор типі: ТРДН-40000/110 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 3-суретте көрсетілген.

Параметрлері:



3-сурет. Екі орамды трансформатордың алмастыру сұлбасы

$$r_{mp} = \frac{P_{\kappa\%} \cdot U^2}{S_H^2} = \frac{0,175 \cdot 110^2}{40^2} = 1,3$$

$$x_{mp} = \frac{U_{k\%} \cdot U^2}{100 \cdot S_H} = \frac{10,5 \cdot 110^2}{100 \cdot 40} = 31,76$$

$$\Delta Q_{xx} = \frac{I_{x\%} \cdot S_{mp}}{100} = \frac{0,65 \cdot 40}{100} = 0,26$$


$$\Delta P_{mp} = \frac{30^2 + 10^2}{110^2} \cdot 1,3 = 0,1 \text{ MBm},$$

$$\Delta Q_{mp} = \frac{30^2 + 10^2}{110^2} \cdot 34,76 = 2,6 \text{ MVar},$$

№2 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТРДН-40000/110 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 4-суретте көрсетілген.

Параметрлері:



4-сурет. Екі орамды трансформатордың алмастыру сұлбасы

$$r_{mp} = \frac{P_{\kappa\%} \cdot U^2}{S_H^2} = \frac{0,175 \cdot 110^2}{40^2} = 1,3$$

$$x_{mp} = \frac{U_{\kappa\%} \cdot U^2}{100 \cdot S_H} = \frac{10,5 \cdot 110^2}{100 \cdot 40} = 31,76$$


$$\Delta Q_{xx} = \frac{I_{x\%} \cdot S_{mp}}{100} = \frac{0,65 \cdot 40}{100} = 0,26$$

$$\Delta P_{mp} = \frac{40^2 + 20^2}{110^2} \cdot 1,3 = 0,22 \text{ MBm},$$

$$\Delta Q_{mp} = \frac{40^2 + 20^2}{110^2} \cdot 31,76 = 5,25 \text{ MBm},$$

2.6 Тұйықталған жүйенің торап учаскілеріндегі қуат таралуын есептеу

Жобалаудың басында желінің бөліктеріндегі кедергі белгісіз болғандықтан, желілердегі қуат ағынының шамасы жуық мәндермен анықталады. Радиалды желінің басындағы бөліктеріндегі қуат жекелеген тұтынушылардың қосындысымен анықталады. Тұйықталған электр беріліс желісінің схемасы 5-суретте көрсетілген, сол желі үшін қуаттың таратылуын барлық бөліктердегі қима бірдей деп алып, екі жақты қоректендірілетін желі сияқты анықталады:



5-сурет. Электр беріліс желісінің схемасы

$$S_{3-1} = \frac{S_1 \cdot (l_2 + l_3) + S_2 \cdot (l_2)}{l_1 + l_2 + l_3} = \frac{(30 + j10) \cdot (30 + 60) + (40 + j20) \cdot 30}{30 + 30 + 60} =$$

$$= 32,5 + j12,5 \text{ MVA}$$

$$S_{3^{n-2}} = \frac{S_2 \cdot (l_1 + l_3) + S_1 \cdot (l_1)}{l_1 + l_2 + l_3} = \frac{(40 + j20) \cdot (30 + 60) + (30 + j10) \cdot 30}{30 + 30 + 60} =$$

$$= 37,5 + j17,5 \text{MBA}$$

$$S_{1-2} = S_{3-1} - S_1 = (32,5 + j12,5) - (30 + j10) = 2,5 + j2,5 \text{MBA},$$

2.7 Тұйық жүйедегі сымдардың қимасын және параметрлерін есептеу

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады:

$$I = \frac{S}{\sqrt{3} \cdot U_n} \quad (10)$$

Желілердегі токтар:

$$I_1 = I_{3-1} = \frac{\sqrt{32,5^2 + 12,5^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 0,18 \text{кА} = 180 \text{А},$$

$$I_3 = I_{1-2} = \frac{\sqrt{2,5^2 + 2,5^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 0,018 \text{кА} = 18 \text{А},$$

$$I_2 = I_{3^{n-2}} = \frac{\sqrt{37,5^2 + 17,5^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 0,217 \text{кА} = 217 \text{А},$$

$$I_4 = \frac{\sqrt{120^2 + 50^2}}{\sqrt{3} \cdot 220} = 0,341 \text{кА} = 341 \text{А},$$

Желілердегі есептік тоқ:

$$I_p = I_1 \cdot \alpha \cdot j \cdot A, \quad (11)$$

$$I_{L1p} = I_{L1} = 0,18 \cdot 1,1 = 0,198 \text{кА} = 198 \text{А}$$

$$I_{L2p} = I_{L2} = 0,217 \cdot 1,1 = 0,2387 \text{ кА} = 238,7 \text{ А}$$

$$I_{L3p} = I_{L3} = 0,018 \cdot 1,1 = 0,0198 \text{ кА} = 19,8 \text{ А},$$

$$I_{L4p} = I_{L4} = 0,341 \cdot 1,1 = 0,375 \text{ кА} = 375 \text{ А},$$

Токтың экономикалық тығыздығына байланысты қиманы анықтаймыз

$$S_{\text{эк}} = \frac{I_p}{j_{\text{эк}}}, \quad (12)$$

мұндағы $j_{\text{эк}}$ – токтың экономикалық тығыздығы. $j_{\text{эк}}$ –ты анықтамадан аламыз, [1] ол ($j_{\text{эк}} = 1,1 \text{ А/мм}^2$) тең.

Сонымен болатты алюминилі, яғни АС маркалы сымды таңдадым [2], ол төмендегі 2.5-кестеде көрсетілген.

2.5-кесте-Таңдалған сымның мәндері

Желі	Ұзындығы	Кернеуі	Маркасы	Тоғы	Меншікті кедергісі, r_0 Ом/км
L ₁	30	110	АС-185/24	0,198кА	0,157
L ₂	30	110	АС-185/24	0,198кА	0,157
L ₃	60	110	АС-95/16	0,0198кА	0,306
L ₄	150	220	АС-300/39	0,375кА	0,098

$$S_{\text{экL1}} = \frac{198}{1,3} = 152 \text{ мм}^2 \quad \text{АС} - 185 / 24,$$

$$S_{\text{экL2}} = \frac{238,7}{1,3} = 183,6 \text{ мм}^2 \quad \text{АС} - 185 / 24,$$

$$S_{\text{экL3}} = \frac{19,8}{1,3} = 15,2 \text{ мм}^2 \quad \text{АС} - 95 / 16$$

$$S_{\text{экL4}} = \frac{375}{1,3} = 288 \text{ мм}^2 \quad \text{АС} - 300 / 39.$$

Кернеуі 110 кВ біртүзбекті әуе беріліс желісінің салыстырмалы параметрлерін анықтаймыз. Маркасы АС 185/24 үш сымға фаза жарылуы мен фаза сымдарының бірдейжақты үшбұрыштың төбесінде орындалған. Желі порталды металл бағандарында жарылу фаза ортасының арақашықтығы 5м

горизонтальмен орнатылған.

Желінің салыстырмалы параметрлерін анықтау.

Сымның арасындағы орта геометриялық арақашықтық осыған тең [1]

$$110 \text{ кВ кернеу үшін: } D_{opt} = 5 \text{ м}$$

$$220 \text{ кВ кернеу үшін } D_{opt} = 8 \text{ м}$$

Участоктар бойынша желінің параметрлерін анықтаймыз
Желінің активті кедергісін келесі формула арқылы есептейміз

$$R_i = r_0 \cdot l. \quad (13)$$

Желінің реактивті кедергісін келесі формула арқылы есептейміз

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{D_{opt}}{r_{cp}}\right) + 0,0157. \quad (14)$$

$$X_i = x_0 \cdot l. \quad (15)$$

Желінің реактивті өткізгіштігін келесідей есептеледі

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(D_{opt} / r_{экр})} \quad (16)$$

$$B_i = b_0 \cdot l. \quad (17)$$

мұндағы r_0 – меншікті активті кедергі, Ом/км;

x_0 – меншікті реактивті кедергі, Ом/км;

b_0 – меншікті реактивті өткізгіштік, См/км;

D_{opt} – сымның орташа диаметрі, мм;

Желінің соңындағы зарядтық қуатты келесі формуламен есептеледі

$$Q_{ci}^k = 0,5 \cdot U_{ном}^2 \cdot B_i. \quad (18)$$

$$\Delta P = \frac{P_2^2 + Q_2^2}{U_{ном}^2} \cdot R, \text{ МВт}, \quad (19)$$

$$\Delta Q = \frac{P_2^2 + Q_2^2}{U_{ном}^2} \cdot X, \text{ Мвар}, \quad (20)$$

I₃₋₁ участогы үшін L1 желісі:

Сым маркасы: АС-185/24

Параметрлері:

$$r_0 = 0,157 \text{ Ом/км},$$

$$R = r_0 \cdot l_1 = 0,157 \cdot 30 = 4,71 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{5000}{9,45}\right) + 0,0157 = 0,41 \text{ Ом/км},$$

$$X = x_0 \cdot l_1 = 0,41 \cdot 30 = 12,3 \text{ Ом},$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(5000/9,45)} = 2,78 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$B = b_0 \cdot l_1 = 2,78 \cdot 10^{-6} \cdot 30 = 83,4 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$Q_C^к = 0,5 \cdot U_{ном}^2 \cdot B = 0,5 \cdot 110^2 \cdot 83,4 \cdot 10^{-6} = 0,5 \text{ Мвар}.$$

$$\Delta P = \frac{32,5^2 + 12,5^2}{110^2} \cdot 4,71 = 0,47 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{32,5^2 + 12,5^2}{110^2} \cdot 12,3 = 1,23 \text{ Мвар},$$

I₃₋₂ участогы үшін L2 желісі:

Сым маркасы: АС-185/24

Параметрлері:

$$r_0 = 0,157 \text{ Ом/км},$$

$$R = r_0 \cdot l_1 = 0,157 \cdot 30 = 4,71 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{5000}{9,45}\right) + 0,0157 = 0,41 \text{ Ом/км},$$

$$X = x_0 \cdot l_1 = 0,41 \cdot 30 = 12,3 \text{ Ом},$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(5000/9,45)} = 2,78 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$B = b_0 \cdot l_1 = 2,78 \cdot 10^{-6} \cdot 30 = 83,4 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$Q_C^k = 0,5 \cdot U_{ном}^2 \cdot B = 0,5 \cdot 110^2 \cdot 83,4 \cdot 10^{-6} = 0,5 \text{ Мвар}.$$

$$\Delta P = \frac{37,5^2 + 17,5^2}{110^2} \cdot 4,71 = 0,67 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{37,5^2 + 17,5^2}{110^2} \cdot 12,3 = 1,74 \text{ Мвар},$$

I₁₋₂ участогы үшін L3 желісі:

СЫМ маркасы: АС-95/16

Параметрлері:

$$r_0 = 0,306 \text{ Ом/км},$$

$$R = r_0 \cdot l_1 = 0,306 \cdot 60 = 18,36 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{5000}{9,45}\right) + 0,0157 = 0,4 \text{ Ом/км},$$

$$X = x_0 \cdot l_1 = 0,4 \cdot 60 = 24 \text{ Ом},$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(5000/9,45)} = 2,78 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$B = b_0 \cdot l_1 = 2,78 \cdot 10^{-6} \cdot 60 = 166,8 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$Q_C^k = 0,5 \cdot U_{ном}^2 \cdot B = 0,5 \cdot 110^2 \cdot 166,8 \cdot 10^{-6} = 1 \text{ Мвар}.$$

$$\Delta P = \frac{2,5^2 + 2,5^2}{110^2} \cdot 18,36 = 0,02 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{2,5^2 + 2,5^2}{110^2} \cdot 24 = 0,025 \text{ Мвар},$$

$I_{4.3}$ участогы үшін $L4$ желісі:

Сым маркасы: АС-300/39

Параметрлері:

$$r_0 = 0,098 \text{ Ом/км},$$

$$R = r_0 \cdot l \cdot 0,5 = 0,098 \cdot 150 \cdot 0,5 = 7,35 \text{ Ом},$$

$$x_0 = 0,144 \cdot \log\left(\frac{8000}{12}\right) + 0,0157 = 0,4223 \text{ Ом/км},$$

$$X = x_0 \cdot l \cdot 0,5 = 0,4223 \cdot 150 \cdot 0,5 = 31,7 \text{ Ом},$$

$$b_0 = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg(8000/12)} = 2,6842 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$

$$B = b_0 \cdot l_1 \cdot 0,5 = 2,6842 \cdot 10^{-6} \cdot 150 \cdot 0,5 = 201,3 \cdot 10^{-6} \text{ См/км},$$


$$Q_C^k = 0,5 \cdot U_{ном}^2 \cdot B = 0,5 \cdot 220^2 \cdot 201,3 \cdot 10^{-6} = 4,87 \text{ Мвар}.$$

$$\Delta P = \frac{120^2 + 50^2}{220^2} \cdot 7,35 = 2,6 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q = \frac{120^2 + 50^2}{220^2} \cdot 31,7 = 11 \text{ Мвар},$$

2.8 Желінің жұмыс режимдерінің анализі мен есептеулері

Жобалаудың басында желінің бөліктеріндегі кедергі белгісіз болғандықтан, қуаттың шамасы жуық мәндермен анықтылыды. Радиальды желінің басындағы бөліктеріндегі қуат жекелеген тұтынушылардың қосындысымен анықталады, 6-суретте электр беріліс желісінің схемасы көрсетілген. Тұйықталған желі үшін қуаттың таратылуын барлық бөліктердегі қима бірдей деп алып, екі жақты қоректендіретін линияда сияқты анықталады.



6-сурет. Электр беріліс желісінің сұлбасы

$$P_A = \frac{\sum P \cdot l}{\sum l} MBm \quad (21)$$

$$P_A = \frac{30,052 \cdot (60 + 30) + 40,262 \cdot 30}{30 + 30 + 60} = 32,6 MBm$$

$$Q_A = \frac{\sum Q \cdot l}{\sum l} MBap \quad (22)$$

$$Q_A = \frac{12,86 \cdot (60 + 30) + 25,51 \cdot 30}{30 + 30 + 60} = j16 MBap$$

мұндағы, l – желінің ұзындығы, км

$$P'_A = \frac{\sum P' \cdot l}{\sum l} MBm \quad (23)$$

$$P'_A = \frac{40,262 \cdot (30 + 60) + 30,052 \cdot 30}{30 + 30 + 60} = 37,7 MBm$$

$$Q'_A = \frac{\sum Q' \cdot l}{\sum l} MBap \quad (24)$$

$$Q'_A = \frac{25,51 \cdot (30 + 60) + 12,86 \cdot 30}{30 + 30 + 60} = j22,35 MBap$$

$$P_A + P'_A = 32,6 + 37,7 MVA,$$

$$Q_A + Q'_A = 16 + 22,35 MVA$$

2.9 Тұйықталған жүйе үшін желілер мен трансформаторлардың қуат шығындары

Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы 7-суретте көрсетілген.

L_1 - желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{32,6^2 + 16^2}{110^2} \cdot 4,71 = 0,51 \text{ MBm},$$

$$\Delta Q = \frac{32,6^2 + 16^2}{110^2} \cdot 12,3 = 1,34 \text{ MVar},$$

L_2 - желісіндегі шығындар


$$\Delta P = \frac{37,7^2 + 22,35^2}{110^2} \cdot 4,71 = 0,75 \text{ MBm},$$

$$\Delta Q = \frac{37,7^2 + 22,35^2}{110^2} \cdot 12,3 = 1,95 \text{ MVar},$$

L_3 - желісіндегі шығындар

$$\Delta P = \frac{2,548^2 + 3,14^2}{110^2} \cdot 18,36 = 0,025 \text{ MBm},$$

$$\Delta Q = \frac{2,548^2 + 3,14^2}{110^2} \cdot 24 = 0,032 \text{ MVar},$$



7-сурет. Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы


№3 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: АТДЦТН-100000/220 үш орамды
автотрансформатордың алмастыру схемасы 8-суретте көрсетілген.

$$S_{\text{өн}} = S_{L1} + S_{L2} + S_{L3} = (32,6 + j16) + (37,7 + j22,35) + (50 + j20) \\ = (120,3 + j58,35) \text{ MVA},$$

$$S_{ch} = (32,6 + j16) + (37,7 + j22,35) = 70,3 + j38,35 \text{ MVA},$$

Параметрлері:



8-сурет. Үш орамды автотрансформатордың алмастыру схемасы

$$U_{к.вн} = \frac{11 + 36,3 - 23}{2} = 12,15$$

$$U_{к.вн} = \frac{11 + 23 - 36,3}{2} = 0$$

$$U_{к.вн} = \frac{36,3 + 23 - 11}{2} = 24,15$$

$$r_{mp} = \frac{P_{\kappa\%} \cdot U^2}{S_H^2} = \frac{0,26 \cdot 230^2}{100^2} = 1,26$$

$$x_{mpBH} = \frac{U_{\kappa BH} \cdot U^2}{100 \cdot S_H} = \frac{12,15 \cdot 230^2}{100 \cdot 100} = 66,125$$

$$x_{mpCH} = 0$$

$$x_{mpHH} = \frac{U_{\kappa HH} \cdot U^2}{100 \cdot S_H} = \frac{24,5 \cdot 230^2}{100 \cdot 100} = 129,6$$

$$\Delta Q_{xx} = \frac{I_{x\%} \cdot S_{mp}}{100} = \frac{0,5 \cdot 100}{100} = 0,5$$

$$\Delta P_{mpBH} = \frac{120^2 + 50^2}{230^2} \cdot 1,26 = 0,4 MBm,$$

$$\Delta P_{mpCH} = \frac{70^2 + 30^2}{230^2} \cdot 1,26 = 0,14 MBm,$$

$$\Delta P_{mpHH} = \frac{50^2 + 20^2}{230^2} \cdot 1,26 = 0,07 MBm,$$

$$\Delta Q_{mpBH} = \frac{120^2 + 50^2}{230^2} \cdot 66,125 = 21,125 Mвар,$$

$$\Delta Q_{mpCH} = 0 Mвар,$$


$$\Delta Q_{mpHH} = \frac{50^2 + 20^2}{230^2} \cdot 129,6 = 7,1 Mвар,$$

L4- желісіндегі шығындар

9-суретте L4 Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы.

$$\Delta P = \frac{121,014^2 + 88,296^2}{220^2} \cdot 7,35 = 0,46 MBm,$$

$$\Delta Q = \frac{121,014^2 + 88,296^2}{220^2} \cdot 31,7 = 2 Mвар,$$




9-сурет. Электр беріліс L_4 желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

№4 қосалқы станция үшін

Трансформатор типі: ТРДЦН-100000/220 екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы 10-суретте көрсетілген.

Параметрлері:



10-сурет. Екі орамды трансформатордың алмастыру схемасы

$$r_{mp} = \frac{P_{k\%} \cdot U^2}{S_n^2} = \frac{0,36 \cdot 230^2}{100^2} = 1,8$$

$$x_{mp} = \frac{U_{k\%} \cdot U^2}{100 \cdot S_n} = \frac{11 \cdot 230^2}{100 \cdot 100} = 58,19$$

$$\Delta Q_{xx} = \frac{I_{x\%} \cdot S_{mp}}{100} = \frac{0,5 \cdot 100}{100} = 0,5$$

$$\Delta P_{mp} = \frac{126,484^2 + 103,596^2}{220^2} \cdot 1,8 = 0,91 \text{ MBm},$$


$$\Delta Q_{mp} = \frac{126,484^2 + 103,596^2}{220^2} \cdot 58,19 = 29,4 \text{ MBm},$$

2.10 Тұйықталған жүйенің минималды жүктеме кезіндегі қуатты есептеу

